«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Бекітілді
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ Басқармасының шешімімен
«__» _____2026 ж.
№ __ хаттамасы

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Ғылыми кеңес туралы
Е р е ж е

Көшірме	Құрастырған	Келісілген	Келісілген
	Битибаева Ж.М.	Нарбекова Б.М.	Султан Е.
			Искакова А.Т.
			Аменова К.Л.
			Мусабаев Н.Б.
			Жакауов М.Д.
			ИшпекбаевЖ.Е.
			Кудабаев Е.А.

Алматы, 2026

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Ғылыми кеңес туралы
Е р е ж е

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ғылыми кеңес туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Ғылыми кеңесінің құрылымын, мақсаттары мен функцияларын, қызметін ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына» сәйкес айқындайды.

2. Қоғамның Ғылыми кеңесі алқалы орган болып табылады.

3. Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қоғамның Ғылыми кеңесінің қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді жариялылық және ұжымдық талқылау қағидаттарына негізделеді.

2. Ғылыми кеңес қызметінің мақсаттары

5. Ғылыми кеңестің негізгі мақсаттары:

5.1 Қоғамның одан әрі дамуына жәрдемдесу;

5.2 заманауи талаптарға сай бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау мақсатында Қоғам басшылығының, профессор-оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару персоналының, оқу-көмекші персоналының күш-жігерін біріктіру;

5.3 Қоғамдағы білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының кәсіптік білім беру бағдарламалары мен даму бағдарламасын табысты іске асыруы үшін қажетті жағдайлар жасау.

3. Ғылыми кеңестің функциялары

6. Ғылыми кеңестің негізгі функциялары:

6.1 ғылыми, оқу, әдістемелік және әлеуметтік қызметі мәселелерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

6.2 оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базаны дамытудың перспективалық жоспарын қарау;

6.3 профессор-оқытушылар және ғылыми құрамға атақтар беру мәселелерін қарау;

6.4 Қоғамның ішкі тәртіп ережелерін қарау және бекіту;

6.5 оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

6.6 университеттің даму бағдарламасының жоспарын іске асыруға байланысты мәселелерді қарау;

6.7 университеттің әлеуметтік дамуының негізгі мәселелерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

6.8 өткен оқу жылындағы университет қызметінің қорытындысын шығару;

6.9 университеттің оқу, ғылыми-зерттеу және әлеуметтік жұмысы туралы есептерін мерзімді түрде қарау;

6.10 Қоғам құрамына кіретін өзге де құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарау;

6.11 Қоғамның Басқармасы бекітуі үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес қарау;

6.12 оқулықтарды, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік әзірлемелер мен монографияларды қарау және басып шығаруға ұсыну;

6.13 қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор ғылыми атақтарын беруге ұсыну;

6.14 Қоғам қызметкерлері мен шығармашылық ұжымдарды мемлекеттік, үкіметтік наградалар мен құрметті атақтарға ұсыну мәселелерін қарау;

6.15 Қоғамның қызметіне байланысты және алқалы шешімді талап ететін өзге де мәселелерді қарау.

4. Қоғамның Ғылыми кеңесінің құрылымы

7. Қоғамның Ғылыми кеңесі Қоғам Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығымен құрылады.

Ғылыми кеңестің құрамын сайлау үшін Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығымен Ғылыми кеңес мүшелерін сайлау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

8. Комиссия Ғылыми кеңестің құрамына кандидаттарды қарайды және қарау нәтижелері бойынша Ғылыми кеңес мүшелерін сайлайды. Ғылыми кеңестің құрамын сайлау нәтижелері Комиссияның хаттамасымен ресімделеді. Комиссия хаттамасының негізінде Ғылыми кеңестің дербес құрамы Қоғам Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

9. Ғылыми кеңестің хатшысы Ғылыми кеңес мүшелерімен сайланады. Ғылыми кеңес хатшысының кандидатурасын Ғылыми кеңестің төрағасы ұсынады және ол Ғылыми кеңеске қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен сайланады.

10. Қоғамның Ғылыми кеңесінің құрамына Басқарма төрағасы – Ректор, Басқарма мүшелері, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессор-оқытушылар құрамының, студенттік, Қоғамдық ұйымдардың және жұмыс берушілердің өкілдері кіре алады.

11. Төраға Қоғамның Ғылыми кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді. Төраға болмаған жағдайда төрағаның орынбасары оның міндеттерін атқарады.

12. Ғылыми кеңестің құрамы үш жыл мерзімге сайланады және мүшелерінің саны тақ саннан тұрады. Қажет болған жағдайда Ғылыми кеңестің шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

13. Ғылыми кеңестің құрамына өзгерістер мынадай жағдайларда енгізілуі мүмкін:

1) Басқарма төрағасы – Ректордың атына өтініш беру арқылы Ғылыми кеңес құрамынан шығу;

2) Ғылыми кеңес мүшесі мен Қоғам арасындағы еңбек қатынастары тоқтатылған кезде;

3) білім алушы мүшенің Қоғамнан шығарылуына байланысты;

4) Ғылыми кеңестің құрамын өзгерту туралы шешім қабылданған жағдайда;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша.

14. Жаңадан сайланған Ғылыми кеңес жұмысын бастаған сәттен бастап бұрынғы Ғылыми кеңестің өкілеттігі тоқтатылады.

15. Ғылыми кеңестің жаңа құрамын мерзімінен бұрын сайлау оның мүшелерінің кемінде жартысының талабы бойынша жүргізіледі.

16. Бас ғалым хатшының құқықтары мен міндеттері лауазымдық нұсқаулықпен және осы Ережемен айқындалады.

17. Бас ғалым хатшы болмаған уақытта оның міндеттерін белгіленген тәртіппен тағайындалған тұлғалар атқарады. Олар тиісті құқықтар мен міндеттерге ие болады және өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

5. Ғылыми кеңестің комитеттері

19. Ғылыми кеңес құрамынан құрылған комитеттер үш бағыт бойынша жұмыс істейді: ғылыми жұмыс жөніндегі (ғылыми-консультациялық кеңес), академиялық мәселелер жөніндегі, әлеуметтік даму бойынша комитеттер. Комитет басшылары болып қызмет бағыты бойынша проректорлар тағайындалады.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысына шығарылатын әрбір мәселе бойынша Ғылыми кеңес құрамынан құрылған комитеттер жоспарланған мәселелерге жауапты тұлғаны тағайындайды.

Жұмыс жоспары тиісті жылға бекітілгеннен кейін, Ғылыми кеңестің хатшысы Ғылыми кеңестің барлық мүшелерін және жауапты тұлғаларды хабардар етеді. Ғылыми кеңес мәселелерін әзірлеу үшін Комитет мәселелер бойынша Ғылыми кеңеске дәйекті ұсыныстар енгізеді.

20. Комитет өз жұмысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Ғылыми кеңес төрағасының өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

21. Комитет құрамына профессор-оқытушылар құрамының білікті мамандары, докторанттар, магистранттар, студенттер, жұмыс берушілердің өкілдері, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің басқа да санаттары кіре алады.

6. Ғылыми кеңес отырыстарына мәселелерді дайындау және отырыстарды өткізу тәртібі

22. Ғылыми кеңес өз жұмысын тиісті оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

23. Ғылыми кеңес сайланған және Басқарма төрағасы – Ректордың тиісті бұйрығы шығарылған күннен бастап бір айдан кешіктірмей өзінің алғашқы отырысын өткізеді. Алғашқы отырыста Төраға Ғылыми кеңестің сайланған мүшелерінің және лауазымы бойынша құрамына кіретін мүшелердің тегін хабарлайды.

24. Ғылыми кеңестің отырыстары ашық түрде, жариялылық негізінде өткізіледі және университеттің сайтында және интернет-ресурстарында жариялануы мүмкін.

25. Ғылыми кеңестің (немесе оның Төрағасының) шешімі бойынша Ғылыми кеңестің отырыстарына қаралатын мәселелер бойынша қажетті мәліметтер мен қорытындылар беру үшін мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, ғалымдар және басқа да мамандар шақырылуы мүмкін.

26. Ғылыми кеңестің отырыстарында хаттама жүргізіледі. Хаттамаға отырысқа төрағалық етуші және Бас ғалым хатшы қол қояды. Ғылыми кеңестің шешімдерін көздейтін өзге де актілер Қоғамның Ғылыми кеңесінің іс құжаттарында сақталады.

Қоғам қызметкерлері мен білім алушылар Ғылыми кеңес отырыстарының материалдарымен танысуға және өздерінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның Ғылыми кеңесі шешімдерінен үзінділер алуға құқылы.

27. Ғылыми кеңестің отырыстары бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес айына бір рет, бірақ екі айда бір реттен сирек өткізілмеуі тиіс, мереке күндерінен тыс уақытта өткізіледі.

28. Келесі оқу жылына арналған Ғылыми кеңестің жұмыс жоспары Ғылыми кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде қалыптастырылады. Ұсыныстарды олар ағымдағы оқу жылының аяқталуына 2 ай қалғанда Бас ғалым хатшыға ұсынады және жоспар Ғылыми кеңестің соңғы отырысында бекітіледі, сондай-ақ Қоғамның ресми сайтында орналастырылады.

29. Ғылыми кеңестің кезектен тыс отырыстары Ғылыми кеңес төрағасының ұсынысы бойынша, сондай-ақ Ғылыми кеңес мүшелерінің тізімдік санының үштен бірінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін. Әрбір жағдайда Бас ғалым хатшы Ғылыми кеңес мүшелеріне кезектен тыс отырыстың күн тәртібі туралы жазбаша хабарлайды.

Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселе Ғылыми кеңес төрағасының бастамасымен немесе Ғылыми кеңес мүшелерінің тізімдік санының кемінде үштен бірінің ұсынысы бойынша Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілуі мүмкін.

30. Ғылыми кеңестің кезекті отырысының күн тәртібінің жобасын Бас ғалым хатшы қалыптастырады және Ғылыми кеңестің Төрағасы мақұлдайды. Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібінің жобасы Ғылыми кеңес мүшелеріне және өзге де мүдделі тұлғаларға Ғылыми кеңес отырысының күнінен кемінде бір апта бұрын жеткізіледі.

31. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Ғылыми кеңес мүшелері – баяндамашылар және Ғылыми кеңес комиссиясының төрағасы (ол құрылған жағдайда) Ғылыми кеңес отырысына дейін кемінде он күн бұрын Қоғамның Бас ғалым хатшысына баяндама мен күн тәртібіндегі мәселе бойынша шешім жобасын қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынады. Баяндамаға немесе шешім жобасына елеулі нысықтауды талап ететін ескертулер болған жағдайда, Бас ғалым хатшы өзіне ұсынылған баяндаманы және шешім жобасын баяндамашыға және комиссия төрағасына қайтаруға және оларды нысықтау мерзімін белгілеуге құқылы.

32. Көрсетілген мерзімде материалдар ұсынылмаған жағдайда Ғылыми кеңестің Төрағасы осы мәселені күн тәртібінен алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

33. Бас ғалым хатшы Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібіне қатысты барлық материалдарды Ғылыми кеңес төрағасына отырысқа дейін кемінде бес күн бұрын ұсынады. Ұсынылған материалдарға елеулі ескертулер болған жағдайда Ғылыми кеңес

төрағасы мәселені қараудан алып тастауға немесе оны Ғылыми кеңестің басқа отырысында талқылауды кейінге қалдыруға құқылы, бұл туралы Бас ғалым хатшы комиссия төрағасына дереу хабарлайды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім жобалары Ғылыми кеңес мүшелеріне отырыс басталғанға дейін қатысу парағына тіркелу кезінде беріледі.

34. Ғылыми кеңес отырысына ұсынылатын материалдар мыналарды қамтуы тиіс: баяндама, қосымша баяндама, Ғылыми кеңес бекітетін құжаттардың жобасы (жобалары), Ғылыми кеңестің шешім жобасы және қажет болған жағдайда күн тәртібіндегі мәселенің мәні бойынша анықтама.

Ұсынылатын материалдар мынадай тәртіппен келісіледі:

1) мәселені дайындауға жауапты Ғылыми кеңес мүшесімен;

2) қызмет бағыты бойынша Комитет отырысының шешімімен;

3) ұсынылатын материалдарды Бас ғалым хатшы тиісті тұлғалармен келісілгені тұрғысынан тексереді.

Ғылыми кеңес отырыстарына материалдарды уақтылы әрі сапалы дайындауға және Ғылыми кеңестің іс жүргізуін қамтамасыз етуге жауапкершілік Бас ғалым хатшыға жүктеледі.

35. Ғылыми кеңес отырысы Ғылыми кеңес мүшелерін қатысу парағына тіркеуден басталады.

36. Егер Ғылыми кеңес отырысына оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, отырыс заңды деп есептеледі.

37. Ғылыми кеңес мүшесі барлық Ғылыми кеңес отырыстарына қатысуға және оларға кешікпей келуге міндетті.

Ғылыми кеңес отырысына қатыса алмайтыны немесе дәлелді себептермен кешігетіні туралы Ғылыми кеңес мүшесі Бас ғалым хатшы арқылы Ғылыми кеңес төрағасына алдын ала хабарлайды.

Қоғамның Ғылыми кеңесі мүшесі Ғылыми кеңес отырыстарының жартысынан көбіне қатыспаған жағдайда Ғылыми кеңес төрағасы Ғылыми кеңес мүшелеріне мұндай мүшені қайта сайлау туралы ұсыныс жасауға құқылы.

38. Ғылыми кеңес мүшесі Ғылыми кеңес отырыстарына және Ғылыми кеңес комиссияларының отырыстарына жеке өзі қатысады.

39. Ғылыми кеңес мүшесі комиссия мүшелерін сайлауға және комиссияларға, сондай-ақ Ғылыми кеңестің басқа да органдарына сайлануға құқылы.

40. Ғылыми кеңес мүшесі осы Ережеде белгіленген тәртіппен кез келген ұсыныстарды, құжаттар мен шешімдер жобаларын енгізуге және оларды кейіннен Ғылыми кеңесте талқылауға әрі қабылдауға ұсынуға құқылы.

41. Ғылыми кеңес мүшесі отырыстарда қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге, Төрағаға және Ғылыми кеңес мүшелеріне, ректорат пен университет әкімшілігінің өкілдеріне, сондай-ақ Ғылыми кеңес отырыстарына қатысып отырған өзге де тұлғаларға сұрақтар қоюға, Ғылыми кеңестің құзыретіне жататын мәселелерді талқылау кезінде өз ұсыныстарын негіздеп сөз сөйлеуге және дауыс беру тәртібі бойынша пікір білдіруге құқылы.

42. Ғылыми кеңес отырыстарында сөз сөйлеудің мынадай негізгі түрлері қарастырылады: баяндама, қосымша баяндама, қаралатын мәселе бойынша қорытынды сөз, талқыланатын мәселенің мазмұны бойынша жарыссөздердегі сөз сөйлеу,

кандидатураларды талқылау кезінде, ұсыныстар енгізу кезінде, дауыс беру себептері бойынша, отырысты жүргізу тәртібі бойынша сөз сөйлеу, сондай-ақ анықтамалар, ақпараттар, мәлімдемелер, өтініштер.

43. Отырысқа қатысып отырған Ғылыми кеңес мүшелерінің көпшілігінің келісімімен төрағалық етуші күн тәртібіндегі мәселені талқылаудың жалпы уақытын, сұрақтар мен жауаптарға арналған жалпы уақытты белгілейді, сондай-ақ сөз сөйлеу уақытын ұзартуы мүмкін.

44. Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін төрағалық етуші сөз сөйлеушіге бұл туралы ескертеді және одан кейін оның сөзін тоқтатуға құқылы.

45. Отырыста қаралатын мәселелер бойынша жарыссөздердің тоқтатылуына байланысты сөз сөйлей алмаған Ғылыми кеңес мүшелері өздері қол қойған сөз мәтіндерін Ғылыми кеңес отырысының хаттамасына қоса беруге құқылы.

46. Ғылыми кеңес жекелеген мәселелерді Қоғам факультеттері мен институттарының және өзге де құрылымдық бөлімшелерінің ғалымдар (ғылыми, ғылыми-техникалық) кеңестеріне қарауға тапсыруға құқылы.

7. Дауыс беру және шешім қабылдау тәртібі

47. Ғылыми кеңестің шешімдері оның отырыстарында ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Ашық дауыс беруді Ғылыми кеңес отырысына төрағалық етуші жүргізеді. Ғылыми кеңес мүшелері дауысқа қойылған мәселе бойынша өз пікірін қол көтеру арқылы «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қалдым» деген жауаптардың бірімен білдіреді.

Шешім Ғылыми кеңес отырысына қатысып отырған мүшелердің жартысынан астамы дауыс берген жағдайда қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

48. Дауыс беру басталар алдында төрағалық етуші дауысқа қойылатын ұсыныстардың санын хабарлайды, олардың тұжырымдарын және дауысқа қойылу реттілігін нақтылайды, шешімнің қандай көпшілік дауыспен (Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы санынан, отырысқа қатысып отырған және дауыс беруге қатысқан Ғылыми кеңес мүшелерінің санынан) қабылдануы мүмкін екенін еске салады.

49. Дауыс беру қол көтеру және берілген дауыстарды санау арқылы жүргізіледі. Дауыстарды төрағалық етуші санайды.

50. Барлық мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелері Ғылыми кеңес отырысының хаттамасына енгізіледі.

51. Бір мәселе бойынша дауыс берген кезде Ғылыми кеңестің әрбір мүшесінің бір дауысы болады: шешімді қабылдауды қолдау немесе оған қарсылық білдіру не шешім қабылдаудан қалыс қалу.

52. Ғылыми кеңес мүшесі дауыс беру құқығын жеке өзі жүзеге асырады. Дауыс беру кезінде болмаған Ғылыми кеңес мүшесі дауыс беру аяқталғаннан кейін өз дауысын беруге немесе осы мәселе бойынша Ғылыми кеңес қабылдаған дауыс беру тәсілінен өзгеше тәсілмен дауыс беруге құқылы емес.

53. Дауыстарды санау аяқталғаннан кейін төрағалық етуші шешімнің қабылданғанын немесе қабылданбағанын (қабылдаудан бас тартылғанын) жариялайды.

54. Дауыс беруді өткізу үшін қажетті кворум болмаған жағдайда төрағалық етуші дауыс беруді Ғылыми кеңестің келесі отырысына қалдырады.

8. Қорытынды ереже

55. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қоғам Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығымен енгізілуі мүмкін.